

Турдалиев Рауан Муратовичтың «8D01401– Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иелену үшін ұсынған «Қазақстан республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі» диссертациясына

ІШКІР

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Рауан Муратовичтың диссертациялық жұмысы ең маңызды мәселелердің бірін зерттеуге арналған. Оның өзектілігі. Студенттік спортты жетілдіруді өзекті мәселе деп қарастырылған және осы диссертацияда оларды дамыту жолдарын көрсету қарастырылған. Студенттік спортты жетілдіру мәселелері бойынша талданған әдебиеттерді сараптау нәтижесінде жоғарыда аталған ғалымдардың біздің зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысы бар келесі мәселелерді зерделегенін көруге болады. Олар: студенттік спорт мәселелері; спорт клубының дене тәрбиесі кафедрасымен өзара байланысы; студенттік спортты жетілдірудің ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттары; студенттік спортты басқарудың ұйымдастырушылық-педагогикалық механизмінің тиімділік критерийлері; университет студенттерінің дене даярлығы; студенттердің дене даярлығын рейтингтік бағалау; Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың бағыттары; Қазақстандағы студенттік спортты реттеудің нормативтік-құқықтық мәселелері; спорттық үлгідегі құрылыстардың салыну жұмысын қосу; білім мен спорттың өзара байланысы; спортшылардың ұйымдастырушылық сәттерге бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері.

Зерттеу нысанына қатысты ғалымдар зерттеген салаларды салыстыру диссертациядағы нақты мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Олар: Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спорт құрылымы мен мазмұны; студенттердің дене даярлығы мен жұмыс қабілеттілігінің деңгейі; студенттік құрама командалардың жарыстарға қатысу ерекшеліктері; Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты жетілдіру жолдарының технологиясы.

Диссертациялық жұмыс бойынша зерттеу тақырыбы еліміздегі дене шынықтыру және спорт саласы бойынша заңнамалар мен Ережелерге сай орындалған.

Зерттеудің бағыты мен міндеттері Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес келетін диссертациялық жұмыстың құрылымын негіздеді және ол: кіріспе, 3 бөлім, қорытынды, пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады.

Нәтижелердің ішкі бірлігінің бағаламасы.

Диссертациялық зерттеудің алынған ғылыми нәтижелері ішкі бірлігімен және өзара қисынды байланысты сипатталады. Міндеттер зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді, мәселені жан-жақты қарауды көрсететін және автордың ғылыми-кәсіби қарастырылуын, педагогикалық зерттеу әдістерін көрсететін дұрыс әдістер мен зерттеу кезеңдерінің реттілігі таңдалған.

Автордың жеке үлесінің мәні диссертация тақырыбы бойынша ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге сараптама жүргізу мен жинақтауда;

алдын-ала және қалыптастырушы педагогикалық экспериментті ұйымдастыру мен жүргізуде, зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеуден өткізуде, зерттеу нәтижелерін оқу-жаттығу процесі мен спорт тәжірибесіне енгізуде, зерттеу нәтижелерін халықаралық ғылыми конгрестер мен конференция материалдарында, білім мен ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған мерзімді басылымдарда, оның ішінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жариялауда, спорт тәжірибесіне ғылыми еңбек нәтижелерін енгізуде.

PhD диссертацияларына қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер.

Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спорт құрылымы мен мазмұны зерделенген.

Студенттердің спортпен шұғылдану кезіндегі мәселелер анықталып, дәйектелген.

Университеттің құрама командалары студенттерінің дене даярлығы деңгейі, дене жұмыс қабілеттілігі, техникалық және тактикалық шеберлігі, сондай-ақ жарыстарға қатысу белсенділігі анықталған.

Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты жетілдіру жолдары әзірленіп, олардың тиімділігін эксперименттік түрде негізделіп педагогикалық эксперимент тұрғысынан дәлелденген.

Зерттеу жұмысының барысында қол жеткізген нәтижелер мен қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастырының тиянақтылығымен маңызды болып табылады.

Алынған нәтижелердің негізділігі мен дұрыстығының дәрежесі.

Бұл диссертациялық жұмыста шығармашылық көзқарасты көрсететін нәтижелерді ғылыми тұрғыдан қызықты және мазмұнды түсіндіру ұсынылған, мұның өзі докторанттың ғылыми-практикалық эрудициясының жоғары дәрежесін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері ерекше және ғылыми жаңалыққа ие, нақтылығымен, ғылыми көзқарастырының тиянақтылығымен маңызды болып табылады.

Алынған нәтижелердің сенімділігі жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістерін және деректерді математикалық-статистикалық өңдеудің барабар әдістерін дұрыс қолданудың арқасында күмән тудырмайды.

Әрине, зерттеу нәтижелері жаңа және ғылым мен спорттық практика үшін үлкен теориялық құндылығы мен тәжірибелік маңызы бар.

Ұсынылған ғылыми нәтижелер мен жұмыстың қорытындысы жаңалықтың жоғары деңгейімен сипатталады.

Жұмыстың ҚР БЖҒМ "8D01401 - Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларға қоятын талаптарына сәйкестігі. Зерттеу жұмысының қорытындылары мен диссертацияның негізгі ережелері Жұмыс нәтижелері халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларда баяндалған. Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде студенттер спортын дамыту әдістемесін қолдануға арналған эксперименттік бағдарлама жүзеге асырылған.

Аталмыш диссертация тақырыбы бойынша барлығы 13 ғылыми еңбек баспадан жарық көрген. Оның ішінде 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік

